

2025-2027 жылдарға арналған Мұғалжар аудандық бюджетін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 314 шешімі.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 9 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2025-2027 жылдарға арналған Мұғалжар аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 18 735 469,5 мың теңге;

салықтық түсімдер – 14 594 272,4 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 43 793,7 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін – 22 779,8 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 074 623,6 мың теңге;

2) шығындар – 19 561 103,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 937 957 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 1 199 384 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 261 427 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 1 763 590,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – - 1 763 590,8 мың теңге:

қарыздар түсімі – 1 199 384 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 261 427 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 825 633,8 мың теңге.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 19.12.2025 № 491 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2025 жылы ауданның бюджетіне салықтардан түсетін жалпы соманы бөлу мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша – 100 %;

2) әлеуметтік салық бойынша – 100 % ;

3) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы – 100 %.

3. 2025 жылға аудандық бюджетте облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюдың көлемі 8 252 326 мың теңге сомасында болып ескерілсін.

4. Қазақстан Республикасының "2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 85 000 теңге;

2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 32 360 теңге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 932 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 46 228 теңге .

5. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық бюджеттен қала, ауыл, ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін субвенция көлемі 490 286 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Қандыағаш қаласы әкімі аппараты – 42 517 мың теңге;

Ембі қаласы әкімі аппараты – 23 141 мың теңге;

Жем қаласы әкімі аппараты – 19 314 мың теңге;

Ақкемер ауылдық округі әкімі аппараты – 39 725 мың теңге;

Батпақкөл ауылдық округі әкімі аппараты – 33 150 мың теңге;

Еңбек ауылдық округі әкімі аппараты – 58 656 мың теңге;

Мұғалжар ауылы әкімі аппараты – 21 791 мың теңге

Ащысай ауылдық округі әкімі аппараты – 39 522 мың теңге;

Егіндібұлақ ауылдық округі әкімі аппараты – 22 218 мың теңге;

Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округі әкімі аппараты – 35 858 мың теңге;

Жұрын ауылдық округі әкімі аппараты – 35 668 мың теңге;

Қайынды ауылдық округі әкімі аппараты – 15 155 мың теңге;

Құмжарған ауылдық округі әкімі аппараты – 30 069 мың теңге;

Құмсай ауылдық округі әкімі аппараты – 22 348 мың теңге;

Талдысай ауылдық округі әкімі аппараты – 51 154 мың теңге.

6. 2025 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен кредиттер түскені ескерілсін:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға.

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

7. 2025 жылға арналған аудандық бюджетке республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері түскені ескерілсін:

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

8. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері түскені ескерілсін:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;
- 2) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;
- 3) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;
- 4) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;
- 5) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі қызметтерге;
- 6) еңбек нарығын дамытуға;
- 7) біліктілік жүйесін дамытуға;
- 8) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 9) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) қайта жаңғыртуға;
- 10) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;
- 11) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға;
- 12) коммуналдық шаруашылықты дамытуға;
- 13) жылу-энергетикалық жүйені дамытуға;
- 14) көлік инфрақұрылымын дамытуға;
- 15) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға.

Аталған трансферттер мен кредиттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

9. 2025 жылға ауданның жергілікті атқарушы органының резерві - 275 008 мың теңге сомасында бекітілсін.

10. Аудандық бюджеттен аудандық маңызы бар қала және ауылдық округ бюджеттеріне 2025 жылға берілетін трансферттер 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2025 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық
мәслихатының хатшысы

К. Ермағамбетов

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2024 жылғы

2025 жылға арналған Мұғалжар аудандық бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 19.12.2025 № 491 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы			
			кіші сыныбы	
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. КІРІСТЕР	18 735 469,5
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	14 594 272,4
	01		Табыс салығы	3 584 312,6
		1	Корпоративтік табыс салығы	526 411
		2	Жеке табыс салығы	3 057 901,6
	03		Өлеуметтік салық	2 559 966,6
		1	Өлеуметтік салық	2 559 966,6
	04		Меншікке салынатын салықтар	7 778 523
		1	Мүлікке салынатын салықтар	7 774 572
		3	Жер салығы	3 951
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	600 509,2
		2	Акциздер	528 017
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	41 677,2
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	30 815
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік	70 961

			органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
		1	Мемлекеттік баж	70 961
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	43 793,7
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	9 681,4
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	8 133,4
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	894
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	654
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	6 475
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	6 475
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің	

	04		бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	290,3
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	290,3
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	27 347
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	27 347
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	22 779 ,8
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 714,6
			Мемлекеттік мекемелерге	

		1	бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 714,6
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	65,2
		1	Жерді сату	59,4
		2	Материалдық емес активтерді сату	5,8
4			Трансферттердің түсімдері	4 074 623,6
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	15 425,6
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен трансферттер	15 425,6
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 059 198
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 059 198

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	19 561 103,3
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 054 988,7
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді,	795 071,7

				атқарушы және басқа органдар	
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	63 612
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63 357
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	255
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	731 459,7
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	335 065
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 996
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	389 398,7
2				Қаржылық қызмет	61 683
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	61 683
				Ауданның (облыстық	

			001	маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	58 277
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 111
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	162
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	567
			018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	566
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	47 197,8
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	47 197,8
				Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау	

			001	жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46 189,8
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 008
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	2 151 036,2
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	60 513
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 513
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 991 115,2
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль	60 721

				жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	30 160
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 900 234,2
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	99 408
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	99 408
02				Қорғаныс	230 975
	1			Әскери мұқтаждар	33 106
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	33 106
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	33 106
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	197 869
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	197 869

			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	43 872
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	153 997
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 127 195,9
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	92 755
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	92 755
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	92 755
	2			Әлеуметтік көмек	830 294,1
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	830 294,1

			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	20 092,6
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	242
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	198 439
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	188 306,9
			015	Зейнеткерлер мен мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы	29 146,6
				Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен,	

			017	сурдотехникалы қ және тифлотехникалы қ құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курор ттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету	394 067
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	204 146,8
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	204 146,8
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламалард ы жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	94 461
			011	Жәрдемақылард ы және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу	631

				бойынша қызметтерге ақы төлеу	
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
			028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қ и ы н жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	52 397
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	25 756
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	6 798
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	23 103,8
07				Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық	1 717 000
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	1 123 525
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар	529 794

				көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	415 214
			004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	113 590
			033	Инженерлік-ком муникациялық инфрақұрылымд ы жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	990
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	593 731
			004	Инженерлік-ком муникациялық инфрақұрылымд ы жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	384 181
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алу	209 550
	2			Коммуналдық шаруашылық	561 898
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	550 254
				Шағын қалаларды	

			011	жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету	100 466
			012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	421 138
			027	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	28 650
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	11 644
			005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	11 644
	3			Елді-мекендерді көркейту	31 577
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	31 577
			015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	31 577
08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	1 443 292,6
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	701 627

		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	701 627
			003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	701 627
	2			Спорт	208 361
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	23 500
			009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	9 000
			010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	14 500
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	184 861

			008	С п о р т объектілерін дамыту	184 861
	3			Ақпараттық кеңістік	262 159,2
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	262 159,2
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	230 159,2
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 000,0
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	31 000
			002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	31 000
	9			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е шынықтыру және спорт бөлімі	271 145,4
		457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, д е н е	80 172,4

				шынықтыру және спорт бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 371
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	19 801,4
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	190 973
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35 116
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	148 765
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7 092

10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	116 695,7
	1			Ауыл шаруашылығы	14 760,4
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	14 760,4
			010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	14 760,4
	6			Жер қатынастары	83 706,5
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	83 706,5
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 786
			003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	11 385
				Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар	

			006	қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін ж е р г е орналастыру	28 055,5
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	480
	9			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	18 228,8
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	18 228,8
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	18 228,8
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	43 162
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	43 162
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы	43 162

				және құрылыс бөлімі	
			001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	36 362
			013	А у д а н аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық е л д і мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	5 600
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 200
12				Көлік және коммуникация	2 259 000
	1			Автомобиль көлігі	2 217 970
				Ауданның (облыстық	

		458		маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 217 970
			022	К ө л і к инфрақұрылым ын дамыту	1 625 210
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	54 679
			051	К ө л і к инфрақұрылым ының басым жобаларын іске асыру	538 081
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	41 030
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	41 030
			037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	41 030
13				Басқалар	172 255,8
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау ж ә н е бәсекелестікті қорғау	300

		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	300
			006	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	300
	9			Басқалар	171 955,8
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	52 559,8
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	52 559,8
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	119 396
			062	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	119 396
14				Борышқа қызмет көрсету	127 577
	01			Борышқа қызмет көрсету	127 577
				Ауданның (облыстық	

		452		маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	127 577
			013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	127 577
15				Трансферттер	9 268 960,6
	1			Трансферттер	9 268 960,6
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	9 268 960,6
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	415 051,8
			007	Бюджеттік алып қоюлар	8 252 326
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	111 296
			038	Субвенциялар	490 286
				Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт	

			054	есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	0,8
				III. Таза бюджеттік кредит беру	937 957
				Бюджеттік кредиттер	1 199 384
07				Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық	315 476
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	315 476
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	315 476
			081	Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру	315 476
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	26 648
	9			Ауыл шаруашылығы	26 648

		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	26 648
			006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	26 648
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	261 427
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	261 427
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	196 202
			2	Жергілікті бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	65 225
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1 763 590,8
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 763 590,8
7				Қарыздар түсімдері	1 199 384
		01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	1 199 384
			2	Қарыз алу келісім-шарттары	1 199 384
16				Қарыздарды өтеу	261 427
	1			Қарыздарды өтеу	261 427

		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	261 427
			008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	196 202
			021	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	65 225
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	825 633,8
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	825 633,8
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	825 633,8
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	825 633,8

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2024 жылғы
25 желтоқсандағы № 314
шешіміне 2 қосымша

2026 жылға арналған Мұғалжар аудандық бюджеті

санаты				сомасы (мың теңге)
	сыныбы			
		кіші сыныбы		
			атауы	
1	2	3	4	5
			I. КІРІСТЕР	13 897 224
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	13 669 476
	01		Табыс салығы	3 258 421

		1	Корпоративтік табыс салығы	205 566
		2	Жеке табыс салығы	3 052 855
	03		Әлеуметтік салық	1 912 284
		1	Әлеуметтік салық	1 912 284
	04		Меншікке салынатын салықтар	8 360 557
		1	Мүлікке салынатын салықтар	8 351 970
		3	Жер салығы	8 587
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	73 647
		2	Акциздер	8 790
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	35 403
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	29 454
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	64 567
		1	Мемлекеттік баж	64 567
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	206 181
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7 409
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6 652
			Мемлекеттік бюджеттен берілген	

		7	кредиттер бойынша сыйақылар	160
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	597
03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	448
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	448
04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 522
			Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік	

		1	бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 522
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	195 802
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	195 802
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	21 567
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	19 958
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	19 958
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 609
		1	Жерді сату	1 228
		2	Материалдық емес активтерді сату	381
4			Трансферттердің түсімдері	0
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	0
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық	0

			округтердің бюджеттерінен трансферттер	
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	0
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	0

функционалдық топ					сомасы (мың теңге)
	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			бағдарлама		
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	13 897 224
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 340 766
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	357 094
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	49 852
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	49 852
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	307 242

			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	215 618
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	91 624
	2			Қаржылық қызмет	57 270
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	57 270
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 952
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2 111
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	641
				Мемлекеттік органның	

			018	күрделі шығыстары	566
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	50 799
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	50 799
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 799
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 000
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	875 603
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	48 491
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48 491

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	727 703
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 726
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	64 060
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	626 917
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	99 409
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	99 409
02				Қорғаныс	188 968
	1			Әскери мұқтаждар	34 550
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	34 550

			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	34 550
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	154 418
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	154 418
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	52 000
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	102 418
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1 330 868
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	431 567
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту	431 567

				және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	431 567
2				Әлеуметтік көмек	686 742
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	686 742
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	25 558
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	3 000
